ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМА

1269062 , Ақтөбе және Маңғыстау облысы бойынша кен орындарында вахталық кенттерде қызметкерлерді тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер сатып алу бойынша
Ашық тендер тәсілімен

Лот № 2 (51 У, 4577482) Қызметкерлерді тамақтандырумен қамтамасыз ету бойынша қызметтер

Тапсырыс беруші: "КАЗАХТУРКМУНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Ұйымдастырушы: "КАЗАХТУРКМУНАЙ" жауапкершілігі шектеулі серіктестік

1. ТЖҚ қысқаша сипаттамасы

Атауы	**Мәні**
Жол нөмірі	51 У
Атауы және қысқаша сипаттамасы	Қызметкерлерді тамақтандырумен қамтамасыз ету бойынша қызметтер, Қызметкерлерді тамақпен қамтамасыз ету қызметтері
Қосымша сипаттама	Маңғыстау облысындағы кен орындарындағы вахталық кенттерде тамақтандыруды ұйымдастыру қызметтері (МГӨЦ №1).
Саны	1.000
Өлшем бірлігі	-
Жеткізу орны	ҚАЗАҚСТАН, Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, ЦДНГ - 1
Жеткізу шарттары	-
Жеткізу мерзімі	01.2027 бастап 12.2029 дейін (қоса алғанда)
Төлем шарттары	Алдын ала төлем - 0%, Аралық төлем - 100%, Соңғы төлем - 0%

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапалық және пайдалану сипаттамалары

2. Сипаттамасы және талап етілетін функционалдық, техникалық, сапа және пайдалану сипаттамалары

2.1. Мақсаты мен міндеттері	Қызметкерлерді тамақтандырумен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтердің негізгі мақсаты – мынадай міндеттерді шешу есебінен Маңғыстау облысындағы (№1 МГӨЦ) кен орындарында жұмыс істейтін қызметкерлерге кешенді қызмет көрсету және қоғамдық тамақтандыруды ұйымдастыру: - сапалы азық-түлікті уақтылы жеткізуді және оларды дұрыс сақтауды қамтамасыз ету; - тамақты уақтылы және сапалы дайындау мен таратуды қамтамасыз ету; - сапалы және сыпайы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

2.2. Қызметтердің сипаттамасы	Азық-түлікпен қамтамасыз ету қызметтері мыналарды қамтиды: - мемлекеттік стандарттар мен технологиялық нормативтерге сәйкес келетін асханаларға (әкімшілік-тұрмыстық корпус ғимаратында және Тапсырыс берушінің кеңсесіне) азық-түлікті уақтылы жеткізу; - Тапсырыс берушінің объектілерінде тамақтанатын барлық қызметкерлер үшін жеткілікті көлемде нан мен нан-тоқаш өнімдерін уақтылы, күнделікті пісіру; - үстелдерді тиісті түрде жабдықтау: дастархан (поливинилхлоридті клеенкалар) қажеттілігіне қарай, дәмдеуіштер (тұз, қызыл және қара бұрыш) арналған ыдыс жиынтығы, жылына кемінде 2 рет ауыстырып отыру, ақ қағаз майлықтар (күн сайын 1 адамға – әр тамақтануға кемінде 3 дана).
	Орындаушы Тапсырыс берушінің жұмыскерлерін, сондай-ақ Тапсырыс берушінің мүддесі үшін өндірістік қызметті жүзеге асыратын Маңғыстау облысындағы №1 (МГӨЦ) кен орындарында жұмылдырылған басқа да жұмыскерлерді тамақтандырумен қамтамасыз ету бойынша қызметтерді:

- осы техникалық ерекшелікке толық сәйкес, ҚР-да қолданылатын заңнамалық актілерді, мемлекеттік стандарттарды, технологиялық нормативтерді, техникалық шарттарды және басқа да ережелерді және тамақтану қызметтерін ұйымдастыруға ұсынылатын нормативтік құжаттарды сақтай отырып;

- тамақтандыру блогы Тапсырыс беруші бекіткен ережеге сәйкес жұмыс жасайды.

- Орындаушы еңбек ресурстарын ұсынуды қамтамасыз етеді, процесті қадағалайды және ұйымдастырады, сондай-ақ Тапсырыс берушінің осы техникалық ерекшелікте белгіленген талаптарына сәйкес келетін тамақтануды ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету үшін қажетті заттармен және тұтыну тауарларымен қамтамасыз етеді.

- тағамдардың энергетикалық құндылығы мен шығымдылығына сәйкес мәзірдің бүкіл ассортиментінің жеткілікті мөлшерде болуын қамтамасыз ету.

Тапсырыс берушінің объектісінде шұғыл және төтенше жағдайлар кезінде Тапсырыс берушінің бірінші талап етуі бойынша Тапсырыс берушінің қызметкерлерін тамақтандыруды ұйымдастыру.

2.3. Жалпы талаптар	- тамақ дайындау технологиясының және оны босатудың нормативтік талаптарын сақтау. Тағамның жоғары сіңімділігі, дәмі жақсы, пайдаланылатын өнімдері әртүрлілі, химиялық құрамы тиісті дәрежеде, майлар, ақуыздар, көмірсулар бойынша теңдестірілген, ағза қажеттіліктерін толығымен қанағаттандыратын болуы керек. - тамақтану сапасына тиісті ішкі және сыртқы бақылауды қамтамасыз ету, асханаға келіп түсетін шикізатты қабылдаудың белгіленген ережелерін, тамақ өнімдерін аспаздық өңдеуге, сондай-ақ тез бұзылатын өнімдерді сақтау және өткізу шарттарына, мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау. Дайын тағам дайындау үшін пайдаланылатын тауардың әрбір түріне сәйкестік сертификаты және сапа паспорты болуы тиіс. - тамақтану орны санитариялық нормаларға сай болуы керек. Тапсырыс беруші қызметтерді көрсету үшін ұсынған үй-жайда Орындаушы өз өкілеттіктері мен қолда бар техникалық мүмкіндіктері шегінде қолайлы микроклиматтық жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдауға міндетті: жазғы кезеңде ауа температурасы +25 °С-тан жоғары болмауға, ал қысқы кезеңде +20 °С-тан төмен болмауға тиіс.

Көрсетілген температуралық параметрлерден ауытқулар анықталған жағдайда, оның ішінде жылыту, желдету немесе ауаны баптау жүйелерінің ақаулығына байланысты ауытқулар орын алғанда, Орындаушы тиісті микроклиматтық жағдайларды қамтамасыз ету үшін қажетті шараларды қабылдау мақсатында Тапсырыс берушіні уақтылы хабардар етуге міндетті.

- Қызметтер көрсету орнын тот баспайтын жеңіл болаттан жасалған асхана ыдыстарымен және асүй мүкәммалымен, асхана құралдарымен (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) Орындаушы есебінен қамтамасыз ету.

- Орындаушы өз есебінен қызметтерді көрсету орнында дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілген іс-шаралар тиісті рұқсат беру құжаттары болған кезде не дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық жұмыстарды жүргізуге құқығы бар мамандандырылған ұйымды тарта отырып, Орындаушының өз күшімен орындалады.

Көрсетілген жұмыстар Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген қаражатты пайдалана отырып, санитариялық-эпидемиологиялық нормаларда белгіленген кезеңділікпен жүргізілуге тиіс.

	- Қызметтер көрсету аумағын және уақытша алаңдарды таза ұстау. - Қызметтерді көрсететін кадрларды іріктеу кезінде қызметкерлердің денсаулық жағдайы, олардың кәсіби даярлық деңгейі бойынша белгіленген талаптардың сақталуын қамтамасыз ету.
2.4. Объектінің орналасуы	• Маңғыстау облысының Бейнеу ауданындағы Ақтау қаласынан 650 км қашықтықта (Опорная теміржол станциясынан 55 км) «Батыс Елемес» кен орнында орналасқан, инфрақұрылымы бар вахталық тұру кенті. • Маңғыстау облысының Бейнеу ауданындағы Ақтау қаласынан 680 км қашықтықта (Опорная теміржол станциясынан 80 км) «Солтүстік-Шығыс Сазтөбе» кен орнында орналасқан, инфрақұрылымы бар вахталық тұру кенті. • Маңғыстау облысының Бейнеу ауданындағы Боранқұл ауылының маңында Ақтау қаласынан 600 км қашықтықта (Опорная теміржол станциясынан 3 км) Опорный МТП-де орналасқан, инфрақұрылымы бар вахталық тұру кенті.

3. Көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар

Қызметтерді Тапсырыс берушінің аумағында орналасқан тамақтану объектілерінің жұмыс режиміне сәйкес көрсету қажет.

2. Өз қызметін заңнамада көзделген барлық рұқсат беру құжаттары (уәкілетті мемлекеттік органдар беретін сертификаттар, келісімдер, сан-эпид. қорытындылар және т.б.) болған кезде ғана жүзеге асырады.

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылық, еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласындағы барлық талаптарды сақтау.

4. Орындаушы азық-түлік сатып алу, тасымалдау, буып-түю, тамақ дайындау кезінде Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыру үшін тиісті гигиена стандарттарын сақтауға міндетті. Тапсырыс беруші кез келген уақытта азық-түлікті сатып алуға, тасымалдауға, буып-түюге, тамақ дайындауға қатысты санитариялық инспекция ұйымдастыруға құқылы. Орындаушы осындай инспекцияны жүргізуге қатысуға және барлық көмекті көрсетуге міндетті.

5. Тамақтану пунктін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес ыдыс-аяқпен, ас құралдарымен, ас үй мүкәммалымен, жуу және дезинфекциялау құралдарымен жарақтандыру.

6. Қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату, Орындаушының қызметкерлерін жеткізу және оларды тамақтандыру тиісті қызметтерді көрсететін ұйыммен жасалған шарт негізінде Орындаушының қаражаты есебінен жүргізіледі.

7. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін мемлекеттік бақылаушы органдардың алдында дербес жауаптылықта болу.

8. Қызметкерлерді ыстық тамақпен қамтамасыз ету адам ағзасының энергия мен тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктері ескеріле отырып, жүзеге асырылуы тиіс. 30 мен 59 жас аралығындағы еңбекке қабілетті ересектер үшін энергия, ақуыздар, майлар мен көмірсулардың ұсынылатын тұтыну деңгейі ауыр дене еңбегінде күніне 3450-ден 3600 ккал-ға дейін болуы керек. Осыған байланысты қызметкерлерді тамақтандыру рационы жұмсалған энергияны толықтыратын болуы тиіс және бір түскі асқа (кешкі ас) 1800 ккал-дан кем болмауға тиіс.

9. Бекітілген мәзірге сәйкес барлық суық, ыстық тағамдар мен сусындар күн сайын барлық технологиялық процестер сақтала отырып, тек жаңа, шикі тағамдардан дайындалуы керек. Жартылай фабрикаттардан немесе басқа дайындамалардан дайындауға жол берілмейді.

10. Тапсырыс берушімен №КР ДСМ-16 СҚ сәйкес кемінде екі апта кезеңге мәзірді келіс у, барлық қажетті нормативтік-техникалық құжаттарды (технологиялық, калькуляциялық карталар және т.б.) ұсыну.

11. Тамақтандырушыларда сырқаттану және улану белгілері анықталған кезде, Орындаушы қадағалау органдары тергеп-тексеруді аяқтағаннан кейін екі күн ішінде Тапсырыс берушіге тергеп-тексеру нәтижелерін (актілер, зертханалық зерттеулер хаттамалары, әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы хаттама және т. б.) ұсынуға міндетті.

12. Көрсетілген қызметтің сапасына (жазбаша/ ауызша) шағым түскен кезде, Орындаушы жанжалды реттеу үшін 1 тәулік ішінде асханаға келуге міндетті. Көрсетілетін қызметтердің сапасы тиісінше болмаған жағдайда, Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша өз есебінен Тапсырыс берушінің жазбаша хабарламасында белгіленген мерзімде қажетті түзетулер жүргізу.

13. Дайын тағамдар мен бұйымдардың әрбір партиясын күнделікті бақылау мен бракеражды қамтамасыз ету. Тағамның сіңімділігі жоғары, дәмі жақсы, пайдаланылатын өнімдері әртүрлі, тиісті химиялық құрамы ағза қажеттіліктерін толық қанағаттандыратынболуы тиіс, калориялылығы 1 800 ккал-дан кем болмауы тиіс.

14. Тамақтану сапасына тиісті ішкі және сыртқы бақылауды қамтамасыз ету, келіп түсетін шикізатты қабылдаудың белгіленген ережелерін, тамақ өнімдерін аспаздық өңдеуге, сондай-ақ тез бұзылатын өнімдерді сақтау және өткізу шарттарына, мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау.

15. Бракераж комиссияларының және әлеуметтік бөлім қызметкерлерінің, БиОТ қызметінің гигиена жөніндегі маманының және Тапсырыс беруші өкілдерінің ішкі және сыртқы бақылау үшін тамақтану пунктіне кіруін қамтамасыз ету. Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша келіп түсетін шикізатты кіріс бақылау актілерімен таныстыру.

16. Бракераж комиссиялары мен мемлекеттік бақылаушы органдардың тексерулерінің нәтижесінде анықталған ескертулердің жойылғаны жөнінде бір апта мерзімде есеп беру.

17. Қызметтерді көрсету кезінде ISO 9001: 2015, ISO 14001:2026 және ISO 45001:2018 халықаралық стандарттарының қолданылатын талаптарын басшылыққа алу, сондай-ақ HACCP жүйесінің қағидаттарын және ISO 22000:2018 (ҚР СТ ISO 22000-2019) «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін басқару жүйелері. Тамақ өнімдерін өндіру және өткізу тізбегіндегі ұйымдарға қойылатын талаптар» халықаралық стандартының шарт нысанасына қатысты қолданылатын талаптарын сақтау қажет.

18. Кешенді түскі астарды (алдын ала өтінімдер бойынша) жеткізуді ұйымдастыру, асханаларда тоқтатып жөндеу кезеңінде қосымша кассалар ұйымдастыру. Азық-түлікті аумақ бойынша шалғайдағы объектілерге дейін жеткізу. Қоғамдық тамақтандыру өнімдерін жеткізу тамақ өнімдерімен жанасатын орау материалдары пайдаланыла отырып, таза, көп рет пайдаланылатын, тығыз жабылатын көліктік қаптамада (қақпағы бар гастрономиялық ыдыстарда, изотермиялық контейнерлерде, сыйымдылықтарда, бокстарда, ланч-бокстарда, термоконтейнерлерде, тоңазытқыш сөмкелерде, көп рет пайдаланылатын металл және полимер контейнерлерде, қақпағы бар жәшіктерде) жүзеге асырылады. Тапсырыс берушінің автокөлік құралымен кешенді түскі (кешкі) астарды жеткізуге болады.

3.1. Орындаушыға қойылатын талаптар:	19. №1 МГӨЦ кен орындары аумағына кіру үшін барлық қажетті рұқсат құжаттары Тапсырыс беруші белгілеген тәртіппен Орындаушы есебінен ресімделеді. Қызметтер көрсету мерзімі ішінде Орындаушы мыналарды қамтамасыз етуге тиіс: - мемлекеттік стандарттар мен технологиялық нормативтерге сәйкес, келіп түсетін азық-түліктің тиісті сапасы, тамақ өнімдерін аспаздық өңдеуге, сондай-ақ тез бұзылатын өнімдерді сақтау және өткізу шарттарына, мерзімдеріне қойылатын талаптар; - шығарылатын өнімнің жоғары сапасы және түрлі ассортименті; - технологиялық карталар негізінде тағамдар мен аспаздық өнімдерді дайындау технологиясын қатаң сақтау; - жартылай фабрикаттар мен дайын өнімдердің дұрыс шығымын қамтамасыз ететін шикізат есептеу нормаларын қатаң сақтау; - тағамдарды безендіру ережелерін сақтау;

- қызметкерлерді тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді орындау үшін келіп түсетін тамақ өнімдері мен тауарлардың сапасын растайтын тиісті құжаттардың (сапа сертификаттары, тауар-көлік жүккұжаттары, қажет болған жағдайда ветеринариялық анықтамалар және т.б.) болуы;

- сатып алынатын азық-түлік сапасының ҚР белгіленген стандарттарына сәйкестігін анықтау үшін Тапсырыс берушінің және мемлекеттік бақылаушы органдардың өкілдері тарапынан комиссияларға күру құқығы. Өнім сапасына зертханалық зерттеу жүргізу қажет болған жағдайда Орындаушы есебінен жүзеге асырылады;

- Тапсырыс берушінің ескертулерін жою және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бақылаушы органдарының нұсқамаларының талаптарын орындау, соның ішінде шарттың қолданылу мерзімі ішінде олар тамақтану сапасын ұйымдастыруға қатысты кемшіліктер мен олқылықтарды анықтаған жағдайда, зертханалық зерттеулер жүргізу;

20. Жедел және күнделікті өзара іс-қимыл үшін Орындаушы Қызметтер көрсету кезінде өзінің тұрақты жұмыс істейтін өкілдігі немесе Ақтөбе қаласындағы филиалы арқылы әрекет етеді.

21. Орындаушы сапалы қызметтер көрсету мақсатында тиісті даярлық деңгейіне сәйкес келетін мамандарды тартуға міндетті.

22. ***Орындаушы персоналына қойылатын талаптар:***

- өзінің кәсіби қызметіне және Тапсырыс беруші кәсіпорнының ішкі тәртіп ережелеріне қатысты нормативтік және басшылық құжаттарды білу;

- қызмет көрсетуші персоналдың жалпы мәдениетті болуы және мінез-құлықтың кәсіби этикасын сақтауы;

- санитария, жеке гигиена және жұмыс орны гигиенасы талаптарын сақтау;

- өрт қауіпсіздігі шараларын, еңбекті қорғау ережелерін, қауіпсіздік техникасын және т. б. білу және сақтау;

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің, «Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарын, Тапсырыс берушінің объектілерінде Қызметтер көрсету кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау саласындағы нормалар мен қағидаларды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтау.

23. Орындаушының белгіленген мемлекеттік стандарттарға, санитариялық және өртке қарсы қағидаларға, сондай-ақ қызметтер көрсету кезеңінде басқа да технологиялық және нормативтік құжаттарға сәйкес көрсетілетін қызметтердің сапасына, адамдардың өмірі, денсаулығы, қоршаған орта мен мүлік үшін қауіпсіздікке қойылатын міндетті талаптарды сақтау мақсатында сертификаттары мен тиісті құжаттары болуға міндетті;

Орындаушы қызметтер көрсетудің бүкіл кезеңінде:

- өз қызметкерлерін арнайы киіммен және аяқ киіммен қамтамасыз етуге тиіс. Арнайы киімде компанияның логотипі болуы керек, оңай жуылатын материалдан тігілуі және жүйелі түрде дезинфекцияланып, үтіктеліп отыру керек;

- қолданыстағы медициналық санитариялық кітапшаларды ұсыну (қызметтер көрсету кезінде);

- арнайы киімдерді күнделікті ауыстыруды қамтамасыз ету, лас киімдерді бөлек сақтау, оның ішінде орталықтандырылған жууды ұйымдастыру;

- өз қызметкерлерін жұмыстың ерекшелігіне қарай қажетті жеке қорғанысш құралдарымен, салалық нормаларға сәйкес жуу және дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз ету;

	- арнайы нұсқамадан өту және төтенше жағдайларда іс-қимылға дайындалу; - персоналды Тапсырыс берушінің өткізу және объектішілік режимдерінің талаптарымен таныстыру; - өртке қарсы талаптарды, санитариялық-гигиеналық нормаларды, электр жабдықтарын өндірістік-техникалық пайдалану нормаларын сақтау; - алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишаларымен жарақтау; - міндетті алдын ала және мерзімді медициналық тексеруді ұйымдастыру. Орындаушының персоналы жеке гигиенаны сақтауы тиіс, келбеті ұқыпты болуы тиіс. Шт атта диетологтың болуын қамтамасыз ету. Бөлек мәзір ұсына отырып, қызметкерлер үшін күнделікті диеталық тамақтануды ұйымдастыру. Компанияда санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету мақсатында, карантин шаралар жарияланған жағдайда, Тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша Тапсырыс берушінің қызметкерлері үшін сапалы бір реттік ыдыста (бірінші, екінші тағамдар мен салаттар үшін) алып кететін тамақты ұйымдастыру қажет.

1. Газдалмаған ауыз су – 1 л.;
2. Пакеттелген шай және кофе, 3 в 1 – 20 гр-нан, 1 дана;
3. Бидай наны / қара бидай наны – 100 /100 гр.;
4. Нан-тоқаш өнімдері: көкөніс салындысы бар бәліш – бір порцияға 75 гр, 1 атау; немесе шұжық пен ірімшік қосылған бутерброд – бір порцияға 75 гр, 1 атау;
5. Жемістер (алма, апельсин, мандарин) – 1 дана, 1 атау;
6. Шоколад батончигі – 50,5 гр.;
7. **Салқын тағам:** жұмыртқадан дайындалған тағамдар (пісірілген жұмыртқа) – 80 гр (2 дана); немесе шұжық өнімдері (сарделька) – бір порцияға 100 гр, 1 атау; немесе құс етінен жасалған өнімдер – бір порцияға 100 гр, 1 атау;
8. **Консервілер:** бұқтырылған сиыр еті – жоғары сұрыпты, бір порцияға кемінде 325 гр, 1 атау.

1. Орындаушы Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушінің асханасының, асүйінің және тамақтану бөлмесінің санитариялық-эпидемиологиялық жай-күйі туралы есеп бере отырып, өз есебінен санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізеді, сондай-ақ тоқсан сайын қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуы тұрғысынан шығарылатын өнімге, суға, шикізатқа өндірістік бақылау жүргізеді.

2. Өзі өндіретін тағамдарын сатқан жағдайда, Орындаушы шарт жасалғаннан кейін КО ТР 021/2011 Кеден одағының техникалық регламентіне сәйкес сәйкестік туралы декларациялардың сканерленген нұсқаларын ұсынуы қажет.

3. Орындаушы Шарт жасасқаннан кейін бекітілген өндірістік бақылау бағдарламасын не зерттеулерді жүзеге асыруға аккредиттелген тәуелсіз зертханамен жасасқан шартын (Қызмет көрсету кезеңіндегі қолданылу мерзімімен) ұсынуы қажет.

4. Орындаушы қоғамдық тамақтандыру өнімдерін қабылдау, сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде оларды дайындау үшін пайдаланылатын азық-түлік (тамақ) шикізатының, тамақ өнімдері мен қосалқы материалдардың әрбір партиясын қадағалауды қамтамасыз ететін тауарға ілеспе құжаттамасымен, сондай-ақ қауіпсіздікті растайтын сәйкестікті бағалау (растау) туралы құжаттарымен бірге беруі қажет.

Тез бұзылатын тамақ өнімдері үшін тауарға ілеспе құжаттамада өндірілген уақыты мен күнін, сақтау шарттарын (температура, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы) және өнімнің жарамдылық мерзімін көрсету қажет.

	5. Орындаушы Тапсырыс берушінің мүлкін пайдалануға, күтіп ұстауға және сақтауға, оның ішінде өрт, өнеркәсіптік қауіпсіздік және санитариялық-гигиеналық нормалар саласындағы нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарының сақталуына жауапты болады. Орындаушы Тапсырыс берушінің мүлкін күтіп-ұстау және одан әрі пайдалану үшін қажетті шарттарды дербес жасасады. 6. Егер Тапсырыс берушінің меншігінде болмаса және Орындаушыға тамақтандыруды ұйымдастыруға арналған арнайы жабдықты жалға бермесе, тиісінше Орындаушыда Қызметтер көрсету үшін мыналар болуы қажет:
3.2. Көрсетілетін қызметтерге қойылатын талаптар	6.1. Сатып алынатын Қызметтердің сапасына нұқсан келтірмей, 2 асханада тамақтандырумен қамтамасыз ету бойынша қызметтердің тиісті деңгейде көрсетілуін қамтамасыз ететін асхана және асүй мүкәммалы (жеткілікті мөлшерде). Ыдыс-аяқ айналымы (бірінші, екінші тағамдарға арналған табақтар, салат ыдыстары, стакандар), ас құралдары (қасықтар, шанышқылар, пышақтар) және т.б. Ыдыстар ды 7 күнде кемінде 1 рет қарап, бүлінгенін ауыстырып отыру керек.

6.2. «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын сақтай отырып, Тапсырыс берушінің аумағы бойынша азық-түлік өнімдерін жеткізу үшін кемінде бір бірлік мамандандырылған автокөлік (рефрижераторымен). Мамандандырылған автокөлік (рефрижераторымен) сынған жағдайда, сапалы қызметтер көрсету үшін оның баламасына ауыстырылуын уақтылы қамтамасыз ету.

6.3. Сапасын растайтын құжаттары бар тамақ өнімдерін тасымалдауға арналған (тағамның төгілуін/тасып кетуін/ысырап болуын болдырмайтын жеткілікті мөлшерде) қатаң бекітілген гермитикалық, тасымалдау контейнерлері.

6.4. 2 асханадағы ыдыс жуғыш жабдық (кәсіби механикаландырылған ыдыс жуғыш машина).

Орындаушы Қызметтер көрсету басталғанға дейін қажетті жеке жабдықты монтаждауды және қосуды өз күшімен және өз есебінен жүргізеді.

Асханада қолданылатын жабдықты пайдалану қауіпсіз болуы керек. Жабдық барлық жағынан жуу, тазалау және дезинфекциялау мүмкіндігі қамтамасыз етіле отырып орнатылады.

7. Орындаушы пікірлер мен ұсыныстар журналын жүргізуге, сондай-ақ Тапсырыс беруші қызметкерлерінің тілектерін ескеруге міндетті. Сондай-ақ қоғамдық тамақтану объектілеріне санитариялық ережелерге сәйкес журналдарды енгізу және жүргізу.

8. Орындаушы Тапсырыс берушімен жазбаша келісілгеннен кейін ғана, оның ішінде түскі үзілістер кестесі бөлігінде қосымша персоналды тарта отырып, бөгде ұйымдардың қызметкерлеріне Қызметтер көрсетуге құқылы.

Таңғы ас тағамдары ассортименті:

- сүт ботқасы (жарма) – 200 гр.;

- жұмыртқа тағамдары (жұмыртқа, омлет, қайнатылған жұмыртқа) – 80-110 гр., 2 атау;

- гарнирлері бар ет өнімдері (сарделька, котлеттер, тұшпара, биточка) – 75/150 гр.;

- таңғы асқа арналған тіскебасарлар: шұжық / ірімшік / сары май – 20 гр., 3 атау;

- бидай наны / қара бидай наны – 100/100 гр., 2 атау;

- ыстық сусындар (сүт қосылған шай / кофе, лимон, қант қосылған, жасыл шай) – 200-400 гр.;

- кондитер өнімдері (кәмпиттер, печенье, вафли) - (бал, джем) 10 гр. бір порцияға.

Ыстық түскі ас, кешкі ас тағамдары ассортименті

- Көкөніс салаттары (маусым бойынша), дәмдеуіш қосылған және дәмдеуіш қосылмаған – бір порцияға 100 гр., 2 атау ұсынылады;

- Сорпалар (борщ, қышқылтым көже, толтырғыш сорпалар, сорпа дайындау кезінде сүйек сорпа жиынтығы мен ет қоспаларын қолдану қажет) – бір порцияға 25/400 гр., 2 атау ұсынылады;

- Екінші ыстық тағам (ет, балық, құс етінен, сондай-ақ субөнімдерден жасалған тағамдар, апталық мәзірде ет тағамдары 50% -дан кем болмауы тиіс, балық тағамдары аптасына бір реттен аспауы тиіс) – бір порцияға кемінде 75-100 гр., 2 атау ұсынылады;

- Гарнир (макарон, көкөніс, жарма) – бір порцияға 150 гр., 2 атау ұсынылады;

- Салқын сусындар (компот – 200 гр., каркадэ сусыны немесе итмұрын сусыны – 200 гр.) – 2 атау ұсынылады;

- Ыстық сусындар (сүт/лимон қосылған шай) – 200 гр.;

- Бидай/қара бидай наны – бір порцияға 75 гр.;

- Нан өнімдері – бір порцияға 100 гр., 1 атау ұсынылады;

- жемістер (алма немесе апельсин) – 1 дана;

- Үстелдердегі қосымша міндетті тізбе (дәмдеуіштер: тұз, бұрыш, жеке қаптамада тіс тазалағыш, майлық және т.б.).

Арнайы тамақтану

Арнайы тамақтану белгіленген беру нормаларына сәйкес сүт және қышқыл сүт өнімдерінің мынадай түрлерін қамтуы тиіс:

майлылығы 3,5%-дан аспайтын сүт немесе майлылығы кемінде 2,5% болатын сұйық қышқыл сүт өнімдері, оның ішінде байытылған өнімдер (айран, «Варенец», «Снежок», түрік айраны, йогурт және т.б.) – тәулігіне 1 адамға 500 мл/г.

Арнайы тамақтану Тапсырыс берушінің таңдауы бойынша күніне бір рет тамақтану кезінде (кешкі ас) ұсынылады.

Кофе-тайм

Кофе-тайм күніне екі рет ұйымдастырылады:

1) таңғы ас пен түскі ас арасында;

2) түскі және кешкі ас арасында.

Уақыты Тапсырыс берушімен келісіледі.

Кофе-таймға арналған ассортименттің ең аз жиынтығы: 8-10 түрлі шоколад кәмпиттері, 3-4 түрлі карамель мен ирис, қаптамадағы әртүрлі печеньелердің 10 түрі, қораптағы печеньелердің 3-4 түрі, шоколад/кілегей /жержаңғақ вафлиі, классикалық/шоколад пряниктері, круассан, козинак, шәрбат, халва, цукат, плитка шоколадтар, мармелад, зефир, рулет, Якобс кофесі, түйіршіктелген және пакеттегі қара/жасыл шай, құрма, кептірілген өрік, тары, капкейк, кекс, контейнердегі торт, кептірілген нан, сушкилер, қытырлақ нан, 3,2% сүт және т.б.

Жол азығы

ыстық тамақ дайындауға мүмкіндік болмаған жағдайда, яғни вахтадан үйге оралғанда, вахталық қызметкердің жолда тамақтануына арналған азық-түлік жиынтығы.

Жол азығы бір адамның қысқа уақыт ішінде (бір тәулік ішінде) бір тамақтануына есептеледі. Жол азығы вахталық қызметкерлердің ауысатын күні қызметкерлердің алдын ала өтінімдері бойынша беріледі.

Жолға берілетін асқа қойылатын негізгі талаптар:

· Ұзақ уақыт сақталу мүмкіндігі.

	· Жолға берілетін ас құрамына сақтаудың ерекше жағдайларын талап ететін өнімдер (майонез, кетчуп, қаймақ және т. б.) енгізілмеуі тиіс. · Жолға берілетін ас құрамындағы өнімдер тұтынуға дайын немесе дайындауға оңай, жеңіл сіңімді, тамақтанудың бұзылуына, аллергиялық реакцияларға және т. б. жағдайларға әкелмейтін болуы тиіс. · Жолға берілетін астың қаптамасы (герметикалық, ылғал өткізбейтін материалдан жасалған) оны суланудан және ластанудан қорғауы тиіс. 25–60 жас аралығындағы 1 адамға есептегендегі жеткілікті тағамдық құндылығы және энергетикалық құндылығы болуы тиіс. **Жол азығының құрамы**
3.3. Тағамға қойылатын талаптар	***Банкеттер мен мерекелік іс-шараларды ұйымдастыру: қосымша мерекелік кешкі ас*** · Орындаушы Тапсырыс берушінің талабы бойынша банкеттерді, фуршеттерді, мерекелік кешкі астарды ұйымдастыруды, дастарханның тақырыптық көркем безендірілуін, тағамдарды іріктеуді және дастарханды сервировкалауды қамтамасыз етуі тиіс. Мерекелік іс-шаралардың атаулары:

- 22 наурыз – Наурыз мейрамы;
- қыркүйек айының бірінші демалыс күні – Мұнайшылар күні;
- 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні;
- 31 желтоқсан – Жаңа жыл;
- Құрбан айт.

· Жоғарыда аталған мерекелік іс-шаралар іс-шараның түрі мен қатысушылардың саны алдын ала айқындала отырып, банкет, фуршет, мерекелік кешкі ас форматында ұйымдастырылады. Мәзір Тапсырыс берушімен алдын ала келісіледі және бекітіледі.

· «Мерекелік дастархан мәзірінің» үлгілік құрамы: ет өнімдерінің турама түрлері (жылқы етінен қазы, тауық рулеті, сиыр тілі, холодец), балық өнімдерінің ассортиі (әлсіз тұздалған албырт, әлсіз тұздалған ақбалық, ысталған скумбрия, қызыл/қара уылдырық қосылған тарталеткалар), көкөніс ассортиі, жеміс-жидек ассортиі (маусымдылығын ескере отырып жемістер мен жидектер), нан ассортиі, безендірілген торт және кондитерлік өнімдер, сусындар мен шырындардың әртүрлі түрлері, ұннан жасалған өнімдер (бауырсақ, чак-чак, самса), шығыс тәттілері және т.б.

· Мерекелік мәзір әрбір іс-шарада қайталанбауы тиіс. Әрбір іс-шараға іс-шараның тақырыбына сәйкес жаңартылған мәзір әзірленіп, тағамдар дайындалады. Тапсырыс берушінің шешімі бойынша мәзірге қосымша талаптар мен толықтырулар енгізуге жол беріледі.

3.4. Мәзір жасауға қойылатын талаптар

Мәзір ағзаның ақуыздарға, майларға, көмірсуларға, минералды тұздар мен дәрумендерге күнделікті қажеттілігі ескеріле отырып жасалуы керек және тәулігіне бір адамға есептелген бірыңғай бағада болуы керек. Мәзірде белгілі бір үйлесіммен адам ағзасына қажетті заттардың кешені қамтамасыз етілетін тағамдар жиынтығын қосу керек. Ұтымды тамақтану талаптарын қамтамасыз ету мақсатында тағамдардың тағамдық құндылығын ескеру қажет. Ағзаның әртүрлі тағамдық заттарға қажеттілігін неғұрлым толық қанағаттандыру және тағамды жақсы сіңіру үшін, кешенді мәзір құрастыру кезінде тамақтанудың әртүрлілігіне қамқорлық жасау керек, тамақтанудың күнделікті ұқсастығын және тәбеттің төмендеуін болдырмау мақсатында бір тағамның __3-4__күннен ерте қайталануына жол берілмейді. Сүт, көкөніс тағамдары, сондай-ақ жергілікті халықтың дәстүрлі тағамдарын қоспағанда, мәзір нұсқалары әр негізгі тағам (сорпа, екінші ыстық тағам) аптасына 2 реттен көп емес дайындалатындай етіп жасалуы керек.

	Мынадай ет өнімдерін айына бір реттен артық жеуге болмайды, өйткені оларды ұзақ уақыт жеу денсаулыққа айтарлықтай зиян келтіруі мүмкін: құрамына тек ет қана емес, сонымен қатар әрдайым пайдалы бола бермейтін әртүрлі компоненттердің (тұрақтандырғыштар, дәм күшейткіштер, бояғыштар) айтарлықтай мөлшері кіретін жартылай фабрикаттар: шұжықшалар, сарделькалар, пісірілген және ысталған шұжықтар, мұздатылған жартылай фабрикаттар мен тартылған ет; түпкілікті тағамның дәмін күшейту немесе сыртқы түрін жақсарту мақсатында ағзаға зиянды химиялық заттар қосылған немесе солармен өңделген ет және ет өнімдері: химиялық өңдеу немесе сұйық түтінді пайдалану арқылы алынатын ысталған өнімдер, бекон, шұжықтар; фастфуд тағам өнімдері; жеткілікті түрде өңделмеген ет (шала қуырылған, қаны бар ет және т.б.).
	• Осы Шарт бойынша жұмыстарды орындау кезеңінде Тапсырыс беруші Орындаушының персоналын тұру орнымен ақысыз негізде қамтамасыз етеді. Тұру орнын ұсынуға байланысты шығыстарды Тапсырыс беруші көтереді.

- Тамақ дайындау үшін Орындаушы белгіленген жерге жеткізген тек ауызсуға жарамды газдалмаған бөтелкедегі су ғана пайдаланылуы тиіс.
- Ас дайындауға және тамақ таратуға арналған үй-жайларда ас блогының қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалардың болуына тыйым салынады. Бұған тиісті тексеру комиссияларының өкілдері, Шарт бойынша екі тараптың басшылығы және т.б. тұлғалар кірмейді. Мұндай тұлғаларға асүйге арналған арнайы киім (халат, бас киім) берілуі тиіс.
- Азық-түлік өнімдерін кен орнына әрбір жеткізу кезінде бракераж комиссиясы азық-түлік өнімдері мен тауарларды қабылдауды жүргізіп, тиісті акт жасайды. Актіде келіп түскен азық-түлік өнімдерінің сапасы мен саны, олардың жарамдылық мерзімдері, белгіленген талаптарға сәйкестігі, сондай-ақ басқа да қажетті мәліметтер көрсетіледі. Актіге Тапсырыс беруші мен Орындаушы тарапынан комиссия мүшелері қол қояды.
- Орындаушы тауарлар және олардың өндірісі туралы есепті ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-інен кешіктірмей ұсынуы тиіс.

- Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынылған тамақтану туралы есепті, сондай-ақ қол қойылған ведомостардың түпнұсқаларын есепті айдан кейінгі айдың 5-інен (бесінші күнінен) кешіктірмей ұсынуға міндетті.
- Тамақтану ведомосы көрсетілген тамақтандыру қызметтері үшін төлем сомасын растайтын бастапқы құжат болып табылады. Тамақ қабылдауды күнделікті бақылау Тапсырыс берушінің қызметкерлері тиісті тамақтану ведомосын толтыруы және оған қол қоюы арқылы жүзеге асырылады.
- Орындаушы өз қызметкерлерін еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы, Орындаушының міндеттемелерін орындау кезеңінде қолданыстағы шартты ұсынуға міндетті.
- Орындаушы Тапсырыс берушіге асханада өндірістік бақылау жүргізілгені туралы есептің «E-sen.kz» сайтында қалыптастырылған электрондық нұсқасын тиісті хаттамалардың көшірмелерін қоса бере отырып, жарты жылда бір рет ұсынуға міндетті.

	• Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін басқару жүйесі (HACCP – Hazard Analysis and Critical Control Points). Орындаушы тамақ өнімдерін өндірудің барлық кезеңдерінде, сондай-ақ өнімдерді өндіру, сақтау және өткізу процесінің қауіпті жағдайлар туындауы мүмкін кез келген нүктесінде бақылауды қамтамасыз ете отырып, қызметтер көрсетуге міндетті. Бұл ретте тамақ өнімдерін тұтынуға байланысты тәуекелдердің барлық түрлері мақсатты бақылау шараларын қолдану нәтижесінде алдын алуға, жоюға немесе қолайлы деңгейге дейін төмендетуге болатын сыни бақылау нүктелеріне ерекше назар аударылуы тиіс. Бұл ретте тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін басқарудың HACCP (Hazard Analysis and Critical Control Points) жүйесі қолданылуы қажет. • Көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау мақсатында Орындаушы Тапсырыс берушінің объектілерінде мынадай құжаттаманың болуын қамтамасыз етуге міндетті: – дайын өнімді бракераждау журналы (дайын тағамдардың сапасын бақылау); – тағамдардың технологиялық карталары; – асхана қызметкерлерін ауысым алдындағы тексеру журналы; – персоналға қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқама жүргізу журналы;
3.5. Орындаушыға және көрсетілетін қызметтерге қойылатын қосымша талаптар	

– шағымдар/ескертулер мен ұсыныстар кітабы.

19 литрлік газдалмаған бөтелкедегі ауыз суды (бұдан әрі – Су) жеткізу вахталық кенттерде тамақтандыруды ұйымдастыру жөніндегі шарттың құнына кіреді. Суды жеткізуге жауапкершілік толығымен Орындаушыға жүктеледі.

- Қазақстан Республикасының нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкестік сертификатының болуы міндетті (СТ РК ГОСТ Р 51593-2003 «Ауыз су. Сынамаларды іріктеу»).
- Суды Тапсырыс берушінің аумағында орналасқан Орындаушының уақытша қоймасына дейін жеткізуді, қойма үй-жайына түсіруді, бос ыдыстарды тиеуді, сондай-ақ су құтыларын уақтылы әкетуді және кәдеге жаратуды Орындаушы өз күшімен жүзеге асырады.

Мобилизация:

- Орындаушы 01.01.2027 жылға дейін мобилизацияны аяқтауға, ас блогының үй-жайлары мен жабдықтарын пайдалануға іске қосуға дайын күйге келтіру бойынша дайындық жұмыстарын жүргізуге және Шарт бойынша қызметтерді көрсетуге дайын болуға міндетті.
- Орындаушы өз персоналының жұмыс орындарына Шарт бойынша қызметтерді қамтамасыз ету үшін қажетті материалдарды, ыдыстарды, асүй керек-жарақтарын және басқа да заттарды өз қаражаты есебінен жеткізуді жүзеге асырады.

Демобилизация:

	• Шарт бойынша қызметтерді көрсету үшін Тапсырыс берушіден жабдықтарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылданған тұрмыстық техниканы, материалдарды, шаруашылық және асүй мүкәммалын және т. б., оның ішінде Орындаушының қаражаты есебінен қалпына келтірілген және жөнделген мүлікті акт бойынша қайтару; • Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкес қойма үй-жайларын, ас блогын, оның ішінде барлық жабдықтарды жинау және тазалау: ұқыпты, таза, санитариялық талаптарға сай және жұмысқа жарамды күйде ұстау; • Өз персоналын, қалған қорларды, материалдарды, жабдықтарды, ыдыстарды, асүй керек-жарақтарын және Орындаушы жеткізген басқа да заттарды жұмыс орындарынан өз қаражаты есебінен әкету;

3.6. Ыдыс-аяқпен және аспаптармен жарақтандыру нормалары (1 орынға есептегенде)	Қазақстан Республикасының қолданыстағы Санитариялық қағидаларына (ҚР Денсаулық сақтау министрінің № ҚР ДСМ-16 бұйрығы) сәйкес вахталық асхана (қоғамдық тамақтану объектісі) отыратын орындар (тамақтанатын орындар) санының **кемінде үш еселенген мөлшерінде** асхана ыдыстары мен ас құралдарының болуын қамтамасыз етуге міндетті. Жарықтары, сынықтары, шеттері сынған, деформацияланған немесе эмалі зақымдалған ыдыстарды пайдалануға қатаң тыйым салынады. Көп рет қолданылатын ыдыстар тамақ өнімдерімен жанасуға рұқсат етілген материалдардан (фарфор, фаянс, шыны, тот баспайтын болат) жасалуы тиіс.
Ыдыс-аяқтың атауы	**Норма**
Қақпағы бар төрт порциялық сорпа ыдысы	0,6
Науалар	1,5
Он - он екі порцияға арналған, диаметрі 400-450 мм болатын табақ.	0,1
Табақша	0,3
Тосап табақшасы	0,1
Майлыққа арналған вазалар	

Тәтті нанға арналған вазалар	0,30
Қыша	0,05
Бұрыш	0,3
Бір немесе екі порциялы салат ыдысы	0,3
Тұзсалғыш	1
Екі порциялы майшабақ ыдысы	0,3
Терең асхана тәрелкесі	0,2
Кішкене тәрелке	4
Тіскебасарларға арналған тәрелке	4
Терең десерт тәрелкесі	3
Кішкене десерт тәрелкесі	2,6
Тәтті нанға арналған тәрелке	0,5
Табақшасы бар сорпа шыныаяғы	3,5
Шай қайнатуға арналған шәйнек	0,25
Шәйнек	0,02
Гүл вазасы	0,02
Жеміс вазасы	0,3
Су мен шырын құмырасы	0,05
Сығымдалған шыны тостаған	0,05
	10

3.7. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарын ас құралдарымен жарақтандыру нормалары (1 орынға есептегенде)

Аспаптың атауы	Норма
Асханалық шанышқы	3,0
Ас қасық	3,5
Шай қасық	3,0
Құюға арналған қасық	0,5
Қыша қасығы	0,3
Тұз қасық	0,3
Кондитерлік қалақша	0,2
Балық тағамдарын салатын қалақша	0,02
Асхана пышағы	2,0
Аспаптар қорабы	0,02

3. Техникалық стандарттар

№ р/с	ҚР тіркелген	Белгіленуі	Құжат нөмірі	Санаты	Атауы	Қолдану саласы	Әзірлеуші	Беттер	МКС	Мәртебесі	Бұйрық	Енгізу күні бастап	К б
						Настоящий стандарт устанавливает требования к системе менеджмента безопасности пищевой продукци							

						и (далее – СМБПП), позволяющая организациям непосредственно или косвенно участвовать в цепи создания пищевой продукции: a) планировать, внедрять, применять, поддерживать и улучшать СМБПП, направленную на производство (выпуск в обращение) продукции, которая в соответствии с их предполагаемым использованием безопасна для потребителей b) демонстрировать соответствие применимым нормативным и законода							

1	Иә	СТ РК ISO 22000-2019	407826	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Системы менеджмента безопасности пищевой продукции требования к организациям, участвующим в цепи создания пищевой продукции	тельным требованиям к безопасности пищевой продукции c) анализировать и оценивать требования потребителя и демонстрировать соответствие тем взаимно согласованным с потребителем требования, которые относятся к безопасности пищевой продукции d) эффективно обмениваться информацией по вопросам безопасности пищевых продукции с заинтересованными сторонами, участвующими в цепи создания пищевой продукции e) обеспечи	Нет ()	94	Процессы в пищевой промышленности	Действует	приказом председателя Комитета технического регулирования и метрологии Министерства торговли и интеграции Республики Казахстан от 18 ноября 2019 года № 426-од	01.12.2019

						вать соответствие организации заявленной ею политике в области обеспечения безопасности пищевой продукции f) демонстрировать соответствие заинтересованных сторон g) проводить сертификацию внедренной СМБПП или проводить самооценку или самодекларирование соответствия требованиям настоящего стандарта.						
						Настоящий стандарт распространяется на услуги и продукцию общественного питания						

							и устанавливает термины и определения основных понятий в этой области. Требования настоящего стандарта являются общими и предназначены для применения всеми предприятиями питания независимо от их вида, размера, мощности и ассортимента изготовляемой продукции. Если какие-либо термины и определения настоящего стандарта нельзя применить вследствие специфики организации						
2	Иә	ГОСТ 31985-2013	364538	Межгосударственный стандарт	Услуги общественного питания. Термины и определения			Открытое акционерное общество «Всероссийский научно-исследовательский институт сертификации» (ОАО «ВНИИС») ( )	16	Услуги для потребителя	Действует	Приказом Комитета технического регулирования и метрологии от 07 ноября 2014 г. № 230-од межгосударственный стандарт ГОСТ 31985-2012 введен в действие в качестве национального стандарта с 01 апреля 2015 г.	01.04.2015

						предприятий питания и/или изготовляемой на них продукции, допускается использование иных терминов, в том числе принятых в международной практике							

3	Иэ	ГОСТ 30389-2013	370338	Межгосударственный стандарт	Услуги общественного питания. Предприятия общественного питания. Классификация и общие требования	Настоящий стандарт устанавливает общие требования и классификацию предприятий (объектов) общественного питания различных типов. Настоящий стандарт распространяется на предприятия (объекты) общественного питания юридических лиц и индивидуальных предпринимателей	Открытое акционерное общество "Всероссийский научно-исследовательский институт сертификации" (ОАО "ВНИИС") ( )	16	Упаковочное оборудование	Действует	Принят Приказом Комитета по техническому регулированию и метрологии от 18 сентября 2015 г. № 184-од межгосударственный стандарт ГОСТ 30524-2013 введен в действие в качестве национального стандарта с 01 июня 2016 г.	01.06.2016	
						Настоящий стандарт устанавливает общие минимальные требования к персоналу предприятий общественного питания различных типов всех					Принят Приказо		

4	Иә	ГОСТ 30524-2013	366474	Межгосударственный стандарт	Услуги общественного питания. Требования к персоналу	организационно-правовых форм и форм собственности. Положения настоящего стандарта могут быть использованы при подборе и расстановке кадров, проведении аттестации, присвоении квалификации, разработке должностных инструкций и стандартов работы персонала сферы услуг общественного питания	Открытое акционерное общество «Всероссийский научно-исследовательский институт сертификации» (ОАО «ВНИИС») ( )	28	Упаковочное оборудование	Действует	м Комитета по техническому регулированию и метрологии от 02 июня 2009 г. № 272-од введен в действие в качестве национального стандарта с 01.07.2009 г.	01.05.2015

5	Иә	ГОСТ 31984-2012	364536	Межгосударственный стандарт	Услуги общественного питания. Общие требования	Настоящий стандарт устанавливает перечень услуг общественного питания, общие требования к услугам, методы оценки качества услуг	Открытое акционерное общество «Всероссийский научно-исследовательский институт сертификации» (ОАО «ВНИИС») ( )	12	Услуги для потребителя	Действует	приказом Комитета технического регулирования и метрологии от 31 июля 2015г. № 144-од межгосударственный стандарт введен в действие с 1 августа 2015 г.	01.08.2015
						Настоящий стандарт устанавливает требования к производственному персоналу общественного питания. Требования настоящего стандарта распространяются на конкретные должности и профессии производственног						

6	Иә	СТ РК 1817-2008	338493	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Общественное питание. Требования к производственному персоналу	о персонала, включая заведующего производством (начальника цеха), повара, кондитера, пекаря, кулинара мучных изделий, изготовителя пищевых полуфабрикатов, обвальщика мяса, кухонного работника. Требования настоящего стандарта не распространяются на обслуживающий персонал предприятий общественного питания. Требования к обслуживающему персоналу установлены в ГОСТ 30524.	Нет ()	32	Услуги	Действует	приказом Комитета по техническому регулированию и метрологии Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от «25» декабря 2008 г. № 655-од	01.07.2009

7	Иә	СТ РК 1179-2003	80557	Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты	Системы качеством. Управление качеством пищевых продуктов на основе принципов HACCP. Общие требования	Настоящий стандарт устанавливает основные требования к системе управления качеством и безопасностью пищевых продуктов на основе принципов HACCP или в английской транскрипции HACCP - Hazard analysis and critical control points (Анализ рисков и критические контрольные точки), изложенных в директиве Совета Европейского сообщества 93/43.	Нет ()	18	Управление качеством и обеспечение качества	Действует	приказом Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 31 октября 2003 года № 376	01.01.2005

4. Нормативтік-техникалық құжаттар

№ р/с	Атауы
1	Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» КО ТР 021/2011 Кеден одағының техникалық регламенті;

2	"Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 28 сәуірдегі № ҚР ДСМ-36 бұйрығы;
3	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР бұйрығы ДСМ-16. "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар "санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 ақпанда № 26866 болып тіркелді;
4	«Дезинфекция, дезинсекция мен дератизацияны ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 29 шілдедегі № ҚР ДСМ-68 бұйрығы;
5	«Өндірістік бақылауды жүзеге асыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 07.04.2023 жылғы № 62 бұйрығы;
6	Міндетті медициналық тексеріп-қарауды жүргізу қағидалары мен кезеңділігі - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 15.10.2020ж. № 131/2020 бұйрығымен;
7	Алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасының құрамы - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № ҚР ДСМ-118/2020 бұйрығына өзгеріс енгізілді.
8	«Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы;

Қол қойған Сәлменов Дәурен Сәтібекұлы

Қол қойылған күні 25.11.2026

Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

ТЕХНИЧЕСКАЯ СПЕЦИФИКАЦИЯ

по закупке 1269062 , Услуги по организации питания работников в вахтовых поселках на месторождениях по Актюбинской и Мангистауской области
способом Открытый тендер

Лот № 2 (51 У, 4577482) Услуги по обеспечению питанием работников

Заказчик: Товарищество с ограниченной ответственностью "КАЗАХТУРКМУНАЙ"

Организатор: Товарищество с ограниченной ответственностью "КАЗАХТУРКМУНАЙ"

1. Краткое описание ТРУ

Наименование	**Значение**
Номер строки	51 У
Наименование и краткая характеристика	Услуги по обеспечению питанием работников, Услуги по обеспечению питанием работников
Дополнительная характеристика	Услуги по организации питания вахтовых поселков на месторождениях в Мангистауской области (ЦДНГ № 1)
Количество	1.000
Единица измерения	-
Место поставки	КАЗАХСТАН, Мангистауская область, Бейнеуский район, ЦДНГ - 1
Условия поставки	-
Срок поставки	с 01.2027 по 12.2029 (включительно)
Условия оплаты	Предоплата - 0%, Промежуточный платеж - 100%, Окончательный платеж - 0%

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

2. Описание и требуемые функциональные, технические, качественные и эксплуатационные характеристики

